

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің
Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті

**Ақмола облысы білім басқармасының «Көкшетау қаласы,
Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды
балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған
мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы
ҚОРЫТЫНДЫ**

Көкшетау қаласы, 2024 жыл

Ақмола облысы білім басқармасының «Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы ҚОРЫТЫНДЫ

Көкшетау қаласы

*20 маусым 2024 жыл
18.15 с.*

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (*бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары*), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2023 жылғы 06 қарашада №679 бекітілген (*20.02.2024 ж. №105 бұйрығымен өзгеріс енгізілген*) бірінші жартыжылдыққа арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2024 жылғы 18-20 маусым аралығында Ақмола облысы білім басқармасының «Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (әрі қарай – Мектеп-интернаты) мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттау Департаменттің 2024 жылғы 11 маусымдағы №17-11-01-08/522 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізілді:

1.Кабдрахманова Жанар Жанатаевна - Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің бас маманы, комиссия төрайымы;

2.Бостанбаева Сауле Каиргельдиновна - Ақмола облысы білім басқармасының «Білім - инновация «ІТ лицей- интернаты» КММ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

3.Рахимжанова Салтанат Кинаятқызы - Ақмола облысы білім басқармасының «Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;

4.Аханова Ляйля Талгатовна - Ақмола облысы білім басқармасының «Степногорск қаласы, № 4 «Болашақ» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

5.Молдабаева Жайнагуль Жумабаевна-«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы білім бөлімі Көкшетау қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі.

1) Білім беру ұйымының толық атауы: Ақмола облысы білім басқармасының «Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: (*заңды мекенжайы, нақты орналасқан жерінің мекенжайы*): 020100, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ж.Саин көшесі, 20А үй.

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері: (*телефон, электрондық пошта, web-сайт*): Электрондық пошта: kazinternat@mail.ru, телефоны: 87162771029. Мекеменің басшысы: Курмашева Анаргуль Назымбековна, <http://sc0026.kokshetau.aqmoedu.kz>

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: (*басшының Т.А.Ә. және лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі*) Курмашева Анаргуль Назымбековна - Ақмола облысы білім басқармасының «Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшы қызметіне Ақмола облысы білім басқармасының 2023 жылдың 7 шілдедегі №100 бұйрығының негізінде тағайындалған. Байланыс телефоны: 87711646882

5) Құқық белгілейтін және құрылтайшы құжаттары: (*заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және жарғының көшірмесі қоса беріледі*).

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2020 жылғы 05 қарашада берілген. Бизнес идентификациялық нөмірі – 970640000587. Ақмола облысы білім басқармасының «Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Ақмола облысының әкімдігінің 2020 жылғы 28 қазандағы №А-11/543 қаулысымен бекітілген.

б) Рұқсат етуші құжаттар: *(білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).*

Білім беру қызметіне 2020 жылы 28 желтоқсанда №KZ38LAA00019402 мемлекеттік лицензия берілген.

Ақмола облысы білім басқармасының «Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп - интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – **ҮОЖ**) сәйкестігі

Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспары, бағаланатын кезеңге арналған сабақ кестесі.

Талдау нәтижесі: осы өлшем бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарлары зерделенді. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарлары «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен, Ақмола облысы білім басқармасымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген.

2021-2022 оқу жылында барлығы 12 сынып-комплект оқытылуда. Оның ішінде, 7-9-сыныптар – 7 комплект, 10-11 сыныптар- 5 комплект.

7-9-сыныптарда оқу жұмыс жоспары бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі және инварианттық оқу жүктемесі, вариативтік компонент есебінен бөлінген сағат саны үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. Оқу жоспарында апталық, жылдық сағат сандары көрсетілген. 2021-2022 оқу жылында 7А, 8А, 9А- сыныптары «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылған. 7Б, 8Б, 9Б, 9В-сыныптары жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған.

7А-сынып – «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылатын сыныптың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 40 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік компонент 9 сағатты құрайды.

7Б-сынып - жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 38 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік компонент 6 сағатты құрайды.

8А-сынып – «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылатын сыныптың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 41 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 33 сағат, вариативтік компонент 8 сағатты құрайды.

8Б-сынып - жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 39 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік компонент 7 сағатты құрайды.

9А-сынып – «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылатын сыныптың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 42 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 34 сағат, вариативтік компонент 8 сағатты құрайды.

9Б-сынып - жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 41 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 33 сағат, вариативтік компонент 8 сағатты құраған.

10-11 сыныптарда оқу жұмыс жоспары бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі және инварианттық оқу жүктемесі, вариативтік компонент есебінен бөлінген сағат саны үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. Оқу жоспарында апталық, жылдық сағат сандары көрсетілген. 2021-2022 оқу жылында 10А-сынып «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылған. 10Б, 10В, 11А, 11Б- сыныптар жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған.

10А-сынып – «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылатын сыныптың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 46 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 36 сағат, вариативтік компонент 10 сағатты;

10Б, 10В-сыныптар - жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптардың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 42 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік компонент 10 сағатты;

11А, 11Б-сыныптар - жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптардың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 42 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік компонент 10 сағатты құрайды.

2022-2023 оқу жылында барлығы 12 сынып комплект оқытылуда. Оның ішінде, 7-9-сыныптар – 6 комплект; 10-11- сыныптар - 6 комплект.

7-9-сыныптарда оқу жұмыс жоспары бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі және инварианттық оқу жүктемесі компонент есебінен бөлінген сағат саны үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

2021-2022 оқу жылында 7А, 8А, 9А- сыныптары «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылған. 7Б, 8Б, 9Б, 9В-сыныптары жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған.

7-9 сыныптарда оқу жұмыс жоспары бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі және инварианттық оқу жүктемесі, вариативтік компонент есебінен бөлінген сағат саны үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. Оқу жоспарында апталық, жылдық сағат сандары көрсетілген. 2021-2022 оқу жылында. 7А-сынып – «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылатын сыныптың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 39 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 30 сағат, вариативтік компонент 9 сағатты;

7Б-сынып - жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 35,5 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік компонент 4,5 сағатты;

8А-сынып – «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылатын сыныптың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 40 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік компонент 8 сағатты;

8Б-сынып - жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 35,5 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік компонент 4,5 сағатты;

9А-сынып-«Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылатын сыныптың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 41 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 33 сағат, вариативтік компонент 8 сағатты;

9Б-сынып - жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 37 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік компонент 5 сағатты құрайды.

10-11-сыныптарда оқу жұмыс жоспары бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі және инварианттық оқу жүктемесі, вариативтік компонент есебінен бөлінген сағат саны үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. Оқу жоспарында апталық, жылдық сағат сандары көрсетілген. 2021-2022 оқу жылында 10А, 11А- сыныптар «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылған. 10Б, 10В, 11Б, 11В-сыныптар жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған.

10А-сынып – «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылатын сыныптың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 42 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 35 сағат, вариативтік компонент 7 сағатты;

10Б, 10В-сыныптар - жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптардың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 38 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік компонент 7 сағатты;

11А-сынып-«Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылатын сыныптардың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 42 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 35 сағат, вариативтік компонент 7 сағатты;

11Б-сынып -жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 38 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік компонент 7 сағатты;

11В-сынып -жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 38 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік компонент 7 сағатты құрайды.

2023-2024 оқу жылында барлығы 12 сынып комплект оқытылған. Оның ішінде, 5-9 -сыныптар – 7 комплект; 10-11 -сыныптар- 5 комплект.

7-9 -сыныптарда оқу жұмыс жоспары бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі және инварианттық оқу жүктемесі, вариативтік компонент есебінен бөлінген сағат саны үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. Оқу жоспарында апталық, жылдық сағат сандары көрсетілген. 2023-2024 оқу жылында 7А, 8А, 9А -сыныптар «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылған. 7Б, 7В, 8Б, 9Б -сыныптар жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған.

7А сынып – «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылатын сыныптардың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 36,5 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 30 сағат, вариативтік компонент 6,5 сағатты;

7Б, 7В- сыныптар - жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптардың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 35,5 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік компонент 4,5 сағатты;

8А-сынып – «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылатын сыныптардың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 37,5 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік компонент 5,5 сағатты;

8Б-сынып-жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптардың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 35,5 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік компонент 4,5 сағатты;

9А-сынып – «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылатын сыныптардың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 39 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 33 сағат, вариативтік компонент 6 сағатты;

9Б-сынып-жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптардың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 37 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік компонент 5 сағатты құраған.

10-11-сыныптарда оқу жұмыс жоспары бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі және инварианттық оқу жүктемесі, вариативтік компонент есебінен бөлінген сағат саны үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. Оқу жоспарында апталық, жылдық сағат сандары көрсетілген. 2023-2024 оқу жылында 10А, 11А сыныптар «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде, 10Б, 11Б, 11В -сыныптар жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған.

10А-сынып – «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылатын сыныптардың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 43 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 38 сағат, вариативтік компонент 5 сағатты;

10Б-сынып - жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптардың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 38 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік компонент 7 сағатты;

11А-сынып - «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылатын сыныптардың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 43 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 38 сағат, вариативтік компонент 5 сағатты;

11Б-сынып-жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптардың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 38 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік компонент 7 сағатты;

11В-сынып-жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптардың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 38 сағатты, инварианттық оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік компонент 7 сағатты құраған.

Ұсыныс: 2022-2023 о.ж. Kundelik.kz электронды журналын оқу жұмыс жоспарымен сәйкестендіру (7А,8А- сынып).

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 3-тарау 28,29 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 3 тарау 40,41 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 3 тарау 30,31 тармағына сәйкес келеді.

2.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру

Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "Күнделік" АЖ-дан жүктеу).

Талдау нәтижесі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатынын анықтау үшін 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының Kundelik.kz электронды журналы зерделенді.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру талаптары орындалған. Теориялық және практикалық сабақтардың Kundelik.kz электронды сынып журналдарындағы оқу пәндерінің мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115-бұйрығымен бекітілген жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес келеді.

2021-2022 оқу жылдарындағы «Есептер» бөліміндегі есеп бойынша бағдарламаның орындалуы: үй тапсырмасы бар сабақтар 99,91%, үй тапсырмасын уақытында толтыру 83,26 %, тақырыптарды толтыру 100%, жоспарлауды жүргізу 100%, баға қойылған журналдар саны 365, журналдың 365-сы да толтырылған, журналды жүргізу 99,92%, журналды уақытылы жүргізу 81,01% екендігі күнделікті тексеру барысында анықталды.

2022-2023 оқу жылдарындағы «Есептер» бөліміндегі есеп бойынша бағдарламаның орындалуы: үй тапсырмасы бар сабақтар 99,99%, үй тапсырмасын уақытында толтыру 91,41%, тақырыптарды толтыру 99,99%, жоспарлауды жүргізу 100%, бағалар қойылған журналдар саны

212, журналдың 212-сі де толтырылған, журналды жүргізу 100%, журналды уақытылы жүргізу 85,86% екендігі күнделікті тексеру барысында анықталды.

2023-2024 оқу жылдарындағы «Есептер» бөліміндегі есеп бойынша бағдарламаның орындалуы: үй тапсырмасы бар сабақтар 99,88%, үй тапсырмасын уақытында толтыру 86,45%, тақырыптарды толтыру 100%, жоспарлауды жүргізу 100%, бағалар қойылған журналдар саны 330, журналдың 330-ы да толтырылған, журналды жүргізу 100%, журналды уақытылы жүргізу 72,81% екендігі күнделікті тексеру барысында анықталды.

Электрондық журнал толтыру барысында тоқсандық жиынтық бағалау күні формативті бағалау қойылған журналдар анықталды.

Осылайша, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнының игерілуі толық орындалғаны анықталды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2-қосымшасы) 2-тарау 10-24 тармағына, (2-қосымшасы) 4-тарау 39 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 2 тарау 23-37 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 2 тарау 23,28 тармағына сәйкес келеді.

3. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: бағаланатын кезеңге арналған тәрбие жұмысының әзірленген және бекітілген жоспары.

Талдау нәтижесі: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысын жүзеге асыру бойынша іс-шараларының жоспары ұсынылды. Тәрбие жұмысын жүзеге асыру іс-шараларының жоспары мектеп директорымен бекітілген. 2021-2022 оқу жылында мектеп тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың «22» сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбие тұжырымдамасы» негізінде жоспарлаған жұмыстарды жүзеге асырып, 8 тәрбие бағыты және «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы бойынша іске асырылды. «Мектеп-Оқушы-Ата-ана» үштігінің бірлігін сақтау көзделген.

Тәрбие жұмысының 8 бағыты бойынша 2 жылғы ай сайынғы өткізілген іс-шаралар жоспарының нәтижелері мен жетістіктері көрсетілген.

2021-2022 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар басшылыққа алынады: «Оқуға құштар мектеп»; «Отбасы – орта мектеп»; «Құқықтық сана – қауымға пана»; «Дәстүр мен ғұрып»; «Еңбек – елдің мұраты»; «Үнем – қоғам қуаты»; «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет», «Қоғамға қызмет»; «Мектеп өмірінің бір күні»; «Дебат» қозғалысы; Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары; «Музей сабақтары» – «Музей күні» жобасы; «Театр сабақтары» жобасы. Бірінші бағыт - Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие. Екінші бағыт - Рухани-адамгершілік тәрбие. Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие. Төртінші бағыт – Отбасы тәрбиесі. Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Алтыншы бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие. Жетінші бағыт – Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі. Сегізінші бағыт – Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие бағыты бойынша «Білім күніне» арналған алғашқы сабақ «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында өткізілді.

ҚР Президентінің 2021ж. 1 қыркүйек «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы бойынша барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өтті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы аясында оқушыларға адалдық пен әділдік туралы түсінік беру; олардың құндылық ретіндегі мәнін ұғындыру мақсатында С.Жүнісовтың өнегелі ғұмыры» және «Адалдық пен әділдікті ту еткен Мәлік Ғабдуллин» тақырыбында «Адалдық сағаттары» өткізілді.

Тәрбиешілер Г.А.Кудулова, Б.Ж.Маханбетова, Б.Ш.Қасымбекова «Өз құқығыңды білесің бе?», Г.С. Сембаева, А.К. Досжанова «Құқықтық турнир», Г.А.Кудулова, Б.Маханбетова «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», К.Атетова «Қоғамдағы буллинг мәселелері» тәрбие сағаты, «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тренингі, «Әр баланың құқығы бар» сурет,

эссе байқауы, Мектеп парламенті «Балалар мүддесі үшін» Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде балалардың құқықтарын қорғау саласындағы жетістіктері туралы дебат, 7-9 -сынып тәрбиешілері «Мен өз құқығымды білуге тиіспін» сахналық қойылымдар және «Бақытты ана – бақытты бала – бақытты отбасы - бақытты ел» 7-сынып ата-аналарының жиналысы өткізілді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспары бойынша өткізілді. Сынып жетекшілер мен тәрбиешілер «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында тәрбие сағаттары, кітапханашы А.Жунусбекова «Біз оқитын 30 кітап» кітап көрмесі, Ж.Зейнулаева, А.Хасенова. «Тәуелсіздік таңының жұлдызымыз» интеллектуалдық танымдық ойыны, Г. Кудулова Тәуелсіз-елім Қазақстан» атты Тәуелсіздік күніне арналған викториналық ойын, Б.Касымбекова «Ұлы дала Елінің даңқты тарихы мен дәстүрлері» тақырыбында саяхат-ойын, сынып жетекшілер «Теңге – Тәуелсіздік келбеті», «Ұлттық валютамыз –тәуелсіздігіміздің көрсеткіші», «Тәуелсіздіктің нұры тұңғыш Елбасы» сынып сағаттарын, А.Жунусбекова «Тәуелсіздік-азаттығым бақ күнім! зияткерлік ойын, «Қылқалам» үйірмесі және 7-11 сыныптары «Жаса, жайна Тәуелсіз Қазақстан» көрме, А.Шокаев 9-10 сынып оқушылары арасында «Отан қорғаушы» әскери-қолданбалы жарыстарын, А.Шайхан, А.Мұратұлы «Спорттық эстафеталық ойындар», баскетбол, тоғызқұмалақ, асық ату, үстел теннисінен жарыстар ұйымдастырды. Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік салтанатты жиын, 7-сынып оқушыларын «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдауы өткізілді. «Домбыра сазы», «Театр және көркем сөз», «Балауса» би тобы, «Вокал» үйірмелері мерекелік концерт дайындады.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағытында «Бір үйдің баласыңдай» 7-сынып оқушыларын мектепке қабылдау кеші, «Қарттарымызды қошеметтейміз!» құттықтаулар, «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» мерекелік кеш, «Адамзаттың ұлы ұстаздары» «БЫрай Алтынсариннің туғанына 180 жыл», Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай, Халықаралық әйелдер күніне арналған және «Жалпыадамзаттық құндылықтар» күніне орай іс-шаралар ұйымдастырылды. 9Б-сынып жетекшісі А.Ахат. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының иегері, Жазушылар Одағының басқарма төрағасы, Ұлықбек Есдәулет, филология ғылымдарының докторы, профессор, журналист Жақып Бауыржан Өміржанұлы және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Дәулеткерей Кәпұлымен өткен «Поэзия пырақтары» атты кездесуге қатысты.

Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында «Қазақстанның 100 жаңа тұлғалары» жобасының жеңімпаздары туралы зерттеу жұмыстары, тәрбие сағаттары өткізілді. Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай «Өзге емес, өзім айтам өз жайымды» атты оқырмандар сағатын, «Қылқалам» үйірме тәрбиеленушілері «Менің Отаным - Қазақстан» сурет көрмесін, 7- сынып тәрбиешілері «Ұлы дала Елінің даңқты тарихы мен дәстүрлері» тақырыбында саяхат-ойын ашық тәрбие сағатын, «Өлкетану» үйірмесінің жетекшісі С.Алпыспаева «Өңірдің тарихи-мәдени мұра объектілерінде мектеп оқушылары үшін «Өлкетану» бойынша тақырыптық сабақ өткізді. «Домбыра сазы» үйірмесінің жетекшісі Ж.Жәдігерұлы «Даламды күймен тербедім» Домбырашылар челленджі, Наурыз мерекесіне орай «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 7-8 сынып оқушылары арасында «Батаменен ел көгерер» атты байқауы өткізілді.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие «Еңбек – елдің мұраты» жобасы шеңберінде А.Ахат, К.Қуспекова «Болашақ бүгіннен басталады» тәрбие сағатын, С.Шаяхметова «Мұндай мамандықтар бар» презентациялар байқауын, С.Алпыспаева «Ізденіс, еңбек, талпыныс-жетістік кілті» кездесуін өткізді. «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» жобасы бойынша сынып жетекшілер мен тәрбиешілер экологиялық сынып сағаттарын, Мектеп Парламенті «Қоқыссыз әлем» науқанын, «Фотоохота» байқауын өткізді. А.Жахина, К.Атетова «Туған жердің – асыл қазынасы», «Қоршаған ортаны аялайық» атты тәрбие сағаттарын өткізді.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие Музейлерге, театрға экскурсиялар, «Адам бойында бәрі де әдемі, сұлу болуға тиіс» байқауын, «Қош келдің, Жаңа Жыл-2022!» кешін, Алғыс айту күніне арналған «Ақ жүрекпен» көркем жұмыстар көрмесін, 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай «Әлем бесігін тербетін жан-АНА» мерекелік бағдарламасын, 1 мамыр -

Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «БІНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН, ТУҒАН ӨЛКЕМ - ҚАЗАҚСТАН» достық фестивалін ұйымдастырды.

Зияткерлік тәрбие құндылығы білім құндылығын, зияткерлік ұстаным құндылығын, әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылық құндылығын, ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу – кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы «Ұшқыр ойлы жұлдыздар», «Тәуелсіздік шежіресі», «Квест» зияткерлік сайыстарын, «Лидер қандай болу керек?», «Лидерге қажетті қасиеттер мен қабілеттер» танымдық ойындарын өткізді.

Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын қалыптастырады. Жыл бойы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері А.Мұратбекұлы, З.Рахат спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар, жолдастық кездесулер, 7 сәуір – Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ-ел болашағы» денсаулық күнін, «Отбасылық эстафеталық ойындар», «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» қазақтың ұлттық ойындарын ұйымдастырды, Сынып жетекшілер мен тәрбиешілер «Дұрыс тамақтану - үздік білім алудың жолы», «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?», «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» денсаулық сабақтарын, Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай «Ауырмаймын десең...» бюллетень сайысын өткізген.

2022-2023 оқу жылы 1 қыркүйек - Білім күнін және «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық қасиет» тақырыбында салтанатты жиыны және бірыңғай сынып сағаттары өтті. Білім күні білім алушылар мен педагогтер «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық қасиет» тақырыбындағы республикалық онлайн-акциясына қатысты. Республика күніне орай «Қыран елім - Қазақстаным» іс-шаралар жоспарына сәйкес мектеп оқушылары «Атамекен» тақырыбында диктант жазды, 7-10 -сынып оқушылары арасында мәнерлеп өлең оқу челленджі, «Қазақстан – менің арманым» тақырыбында дебат ойындары, эссе және сурет байқаулары, тоғызқұмалақтан және асық атудан жарыстар өткізілді. Ауған Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына арналған Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу-кеші өткізілді. Аталған іс-шараға қаһарман Саябек Балтабекулы Гарипуллин, Аскар Шугаевич Сағатаев, Махамбет Бастаминович Алинов қатысты. 7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне арналған «Ұранды ердің - ұрпағы қайсар», 9 мамыр – Жеңіс күніне «Бейбіт күн жасасын әлемде» патриоттық іс-шаралары өткізілді. 1 мамыр – Бейбітшілік күні «Достық тұғыры бейбітшілікте» атты фестиваль ұйымдастырылды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы аясында «Шындыққа жаны жақын Төлеген Қажыбай», «Қазақ халқының патриоттық рухын дәріптейтін Илияс Есенберлин» тақырыбында «Адалдық сағаттары» өткізілді. Тәрбие сағаты барысында оқушыларға Ақмола облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті ұсынған бейнежазбалары көрсетілді. «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша білім алушыларды мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырды. «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу» мақсатында кездесулер, «Құқықтық тәртіп күні» акциясы аясында құқықтық сауаттылық бойынша кеңес, 7-11 сынып оқушыларына «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында дәріс өткізілді.

Рухани-адамгершілік тәрбие «Оқуға құштар мектеп», «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасын, «Адамға қуаныш сыйла» және т.б. акцияларды жүзеге асыруға бағытталған. Мектепке жаңадан түскен 7-сынып оқушыларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрлі «Бір үйдің баласындай» қабылдау кеші, «Қарттарым-асыл қазынам!» атты қарияларымызға мерекелік концерт, «Аялау» мүгедектер орталығына «Қайырымдылық - қайырлы іс» атты қайырымдылық концерт, «Мейірімділік жүректен» қайырымдылық жәрмеңкесі мен қайырымдылық концерт ұйымдастырылды. Мектеп еріктілері «Алақаның ыстық маған аялы» тренингтер, «Көңіл сыйла» күнін өткізді.

Ұлттық тәрбие «Дәстүр мен ғұрып» жобасы арқылы іске асырылды. 5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдері күніне орай онкүндік, «Ұлттық тәрбие – құндылық бастауы», «Ұлтты тану – ұрпақ борышы» бірыңғай тәрбие сағаттары, 1 наурыз - Ризашылық күні. «Алғыс айту-игілік сыйлау» акциясы, «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні» атты мерекелік іс-шаралары өткізілді. Сынып жетекшілер ата-аналар жиналыстарын «психологиялық тренинг», «тәжірибе алмасу»,

«Педконсилиум», «Ашық есік» күні форматтарында өткізеді. Отбасы күнін мерекелеу аясында «Отбасы-бақыт мекені» атты іс-шаралар өткізілді. 7-8- сынып оқушылары арасында «Менің сүйікті отбасым», «Менің отбасым менің тірегім» коллаждар байқауы, 9-10 сынып оқушылары арасында «Менің отбасымның құндылығы» бейнероликтер байқауы өтті.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие «Үнем-қоғам қуаты» жобасы бойынша «Қоқыссыз әлем», «Экоәлем» тақырыбында экологиялық сынып сағаттары, «Жер-Ананы аялайық» сенбіліктері, «Мен жасыл әлемді қолдаймын» фотоколлаж, «Қоқысқа екінші өмір сыйла» шығармашылық байқауы, «Жасыл мекен» мектеп ауласына ағаш отырғызу акциясы өткізілді.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағытын іске асыруда негізгі өткізілген іс-шаралар: «Күз ханшайымы мен ханзадасы», «Мен ерекше баламын», «Мейірімді бол» фотоконкурс байқауы, «Көңілді жайдарман» КВН, «Қош келдің, Жаңа Жыл-2023!» кеші, Алғыс айту күніне арналған «Ақ жүрекпен» көркем жұмыстар көрмесі, 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай «Әлем бесігін тербетін жан - АНА» мерекелік бағдарламасы ұйымдастырылды.

Зияткерлік тәрбие бағыты бойынша сынып жетекшілер мен тәрбиешілер «Әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік» тәрбие сағатын, «Үш тілдің бірлігі» «Тапқырлар тартысы» интеллектуалды сайысын өткізді. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы «Ойлан, тап» квест ойынын, «Қоғамдық тәртіп негіздері», «Білім артық па, байлық артық па?», «Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?» дебаттық турнирлері ұйымдастырылды.

Дене тәрбиесі салауатты өмір салты - дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын қалыптастырады. Салауатты өмір салты бойынша дұрыс тамақтану, қозғалу белсенділігі, дене тәрбиесі мен спортты дамыту, нашақорлықтың алдын алу бойынша шаралар жүргізіледі.

2023-2024 оқу жылында мектеп-интернатының тәрбие жұмысының жоспары Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылы 19 қыркүйек №294 бұйрығы «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен үш құндылыққа негізделген тәрбие тұжырымдамасы негізінде құрылды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру, болашақ ұрпақ бойына жалпы ұлттық, отбасылық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысы білім беру ұйымының басшысымен бекітілген тәрбие жұмысының жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар – білім алушылардың әлауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету. Барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуда. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық киімді насихаттау және құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында мектеп оқушылары әр жұма сайын білім ордасына ұлттық киіммен келуді дәстүрге айналдырды. 1 қыркүйек - Білім күніне арналған мерекелік салтанатты жиыны өтті. «Мектеп – мейірім мекені» тақырыбында тәрбие сағаттары және білім алушылар «Мектеп - мейірбандық мекені» республикалық онлайн акциясына қатысты. Әлеуметтік желілерде «Менің мектебім» тақырыбында бейнероликтер жарияланды. Қазақстан халқының тілдері күніне арналған «Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» іс шаралар жоспарына сәйкес «Мәңгілік еліміздің-мәңгілік тілі» дөңгелек үстел, «Өлең- сөздің патшасы, сөз сарасы» көркем сөз байқауы, «Туған құрмет-елге құрмет» челлендж және сайыстар өткізілді. Мектеп оқушылары 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған жалпықазақстандық диктант жазды. Ұлттық мүдде тәрбие құндылығы бойынша «Еңбек күні» мерекесіне орай «Оян, ар мен адалдық», «Адал азамат-әділетті Қазақстан» атты сынып сағаттары, «Тәуелсіздік-теңдесі жоқ байлығым» атты еске алу сынып сағаттары, «Ел ертеңі-жастар» және «Тәуелсіздік баға жетпес құндылық» атты жоспарына сәйкес өзін-өзі басқару ұйымы Мектеп Парламентінің «Дебаттық қозғалыс» фракциясының ұйымдастыруымен 8-10-сынып оқушылары арасында үздік ойын өткізілді. Өзін-өзі басқару ұйымы мектеп Парламенті ұйымдастыруымен «Жақсылық жасауға асығайық» қайырымдылық тәтті жәрмеңкесі өткізілді. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасын асыру мақсатында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтық пен мемлекеттілікке ерте тәрбиелеуде «Зорлық-зомбылықсыз өмір», «Жолда жүру ережелерін білесің бе», «Біз жолдағы қауіпсіздікті қолдаймыз», «Жемқорлыққа жол жоқ», Зорлық-зомбылықтың алдын алу «Зорлық-

зомбылықсыз балалық шақ», «Құқықтық мәдениет және оның маңызы» сынып сағаттары өткізілді. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Көкшетау ювеналдық полиция бөлімшесінің аға учаскелік инспекторы полиция майоры С.Сарбасова 7-11 сынып оқушыларына «Жасөспірім және заң» тақырыбында құқықтық дәріс өткізді. Көкшетау қ. ПБ ЮПБ УИП полиция капитаны Ж.Маньбаев құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жатақханада тұратын 7-9 сынып ұлдарына құқықтық сауаттылық сағатын өткізді. Төтенше жағдайлардың, өрттің алдын алу мақсатында оқу жаттығулары өтті. Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Талап, Ар-ұят құндылығы «Бір үйдің баласындай» атты 7-сынып оқушыларының қабылдауына арналған мерекелік кеші ұйымдастырылды. Талап: «Электрондық темекінің зияны», «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті», «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері» сынып сағаттары, «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы сапалы ұлт болашағын қалыптастырудағы жеке тұлғаның салауатты өмір салтын ұстану мәдениетін арттыру, дене шынықтыруды кеңінен насихаттау мақсатында өзін-өзі басқару ұйымы мен дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Р.Закер, А.Шокаев 7-11- сынып оқушылары арасында мектепшілік волейбол, баскетбол, «Тоғызқұмалақ-day», «Асық ату» жарыстарын өткізді.

Оқушылардың позитивті қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту мақсатында «Балалардың құқықтарын қорғау» комитетінің балалар омбудсмендері бастамашылық еткен «ДосболLIKE» бағдарламасын іске асыру мақсатында «ДосболLIKE: достық қолын ұсын» акциясы аясында көңілді үзілістер, тренингтер, КВН өткізілді. Наурыз мерекесін жаңаша мерекелеу мақсатында “Наурызнама” онкүндігі аясында ұлт мейрамы жоспарына сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 2-тарау 5-тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 2 тарау 7- тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 2 тарау 5 тармағына сәйкес келеді.

4. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: бағаланатын кезеңге арналған қосымша сабақтардың әзірленген және бекітілген кестесі.

Талдау нәтижесі: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша сыныптан тыс үйірме, секция жұмыстарының жоспарлары ұсынылды. Сыныптан тыс үйірме жұмыстары келесі бағыттарда жүзеге асырылды: көркемдік-эстетикалық, өлкетану, оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ұйымдастыру және дене шынықтыру-сауықтыру.

2021-2023 оқу жылы келесі үйірмелер жұмыс істеді. «Домбыра сазы», «Робототехника», «Өлкетану», «Медиа алаң», «Жас тілші», «Ұлттық қолөнер», Би, Қылқалам, «Театр және көркем сөз», «Көшбасшылық мектебі».

Секциялар атауы	Сыныптар											
	7а	7Б	8А	8Б	9А	9Б	9В	10А	10Б	10В	11А	11Б
Баскетбол	4	4	6	9	12	17	14	13	12	13	15	10
Волейбол	6	5	6	8	13	15	12	13	12	13	15	10
Теннис	3	5	3	4	12	12	7	6	5	7	5	5
Шахмат	3	4	4	4	3	4	6	4	5	2		
Ұлттық ойындар (тоғызқұмалақ, асық ату)	12	12	9	8	6	7	8	5	4	7		
Қазақша күрес					4	3	4	3	4	3		

2022-2023 оқу жылындағы үйірме, секцияларға оқушылардың қатысуы

Үйірмелер	Қатысушылар	Спорттық секциялар	Қатысушылар
Домбыра сазы	22	Баскетбол	25
Робототехника	39	Волейбол	25
Өлкетану	10	Теннис	12
Медиа алаң	10	Шахмат	12
Ұлттық қолөнер	16	Тоғызқұмалақ	12
Би	18	Асық ату	15
Қылқалам	14	Қазақша күрес	19

Театр және көркем сөз	20		
Көшбасшылық мектебі	10		
Барлығы	159		120

2023-2024 оқу жылындағы үйірмелер мен секциялар

Сынып	№	Өтетін уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
7а,б,в	1	17.00-17.45	Жас медиатор	Робототехника	Домбыра сазы	Домбыра сазы	Театр және көркем сөз	Спорттық және ұлттық ойындар (асық ату, тоғызқұмалақ) 9.30-11.00
	2	17.50-18.35		Робототехника	Домбыра сазы	Қылқалам	Театр және көркем сөз	
	3	17.00-17.45	Би	Ұлттық қолөнер		Ұлттық ойындар (асық ату, тоғызқұмалақ)		
	4	17.50-18.35	Би		Баскетбол		Волейбол	
8а,8б	1	17.00-17.45	Көшбасшылық мектебі	Медиа алаң	Домбыра сазы	Қылқалам	Театр және көркем сөз	Спорттық және ұлттық ойындар (асық ату, тоғызқұмалақ) 9.30-11.00
	2	17.50-18.35	Би		Робототехника			
	3	17.00-17.45	Би		Баскетбол	Ұлттық ойындар (асық ату, тоғызқұмалақ)	Волейбол	
9а,б	1	17.00-17.45	Робототехника	Ұлттық қолөнер		Домбыра сазы	Театр және көркем сөз	Спорттық ойындар және үстел теннисі, шахмат 9.30-11.00
	2	17.50-18.35	Робототехника		Көшбасшылық мектебі	Қылқалам	Жас медиатор	
	3	17.45-18.45		Баскетбол	Вокал		Волейбол	
10а,б,в	1	17.00-17.45	Көшбасшылық мектебі	Ұшқыр ой алаңы	Робототехника	Ұлттық қолөнер		Спорттық ойындар және үстел теннисі, шахмат 9.30-11.00
	2	17.50-18.35	Театр және көркем сөз		Көшбасшылық мектебі	Ұлттық қолөнер	Домбыра сазы	
	3	17.45-18.45		Үстел теннисі, шахмат	Баскетбол		Волейбол	

2023-2024 оқу жылындағы үйірме, секцияларға оқушылардың қатысуы

№	Үйірмелер	Қатысушылар	Спорттық секциялар	Қатысушылар
1.	Театр және көркем сөз	24	Баскетбол	22
2.	Домбыра сазы	23	Волейбол	22
3.	Би үйірмесі	18	Теннис	10
4.	Робототехника	29	Шахмат	12
5.	Қылқалам	12	Тоғызқұмалақ	12
6.	Ұлттық қолөнер	12	Асық ату	14
7.	Ұшқыр ой алаңы	18	Қазақша күрес	12
8.	Жас медиаторлар	16		
9.	Медиа алаң	12		
10.	Көшбасшылық мектебі	28		
	Барлығы	192		104

2023-2024 оқу жылының жетістіктері

№	Конкурстар, жарыстар, фестивальдер мен байқаулар	Оқушының ТӘЖ	Сынып	Алған орны	Жетекшінің ТӘЖ
1	«Менің Отаным – менің бастамам» облыстық шығармашылық жобалар байқауы	Базарқұл Мадияна	8	2	Әдей Ж
2		Саркен Айғаным	9	3	Темірбек И.Т.
3		Қайржанова П.	9	2	Қайржанова М.Н.
4		Касенова Дария	10	2	Қайржанова М.Н.
5		Әбу Ғалия	11	2	Әдей Ж
6		Тлеулин Нұртас	11	1	Әдей Ж
7		Дулатова Алуа	11	1	Әдей Ж

8	Мектеп парламентінің үздік Президентіне арналған «Жош көсемі» облыстық байқауы	Исламбекова Аружан	10	3 орын	Кайржанова М.Н. Сюндык А.М.
9	Республикалық «Менің Отаным – менің бастамам» облыстық шығармашылық жобалар байқауы	Дулатова Алуа	11	1 орын	Әдей Ж
10	«Театрдың ғажайып әлемі» облыстық театр өнері байқауы	Имантай Жансұлу	8	«Образды үздік бейнелеу номинациясы диплом	Аменова Г.Б
11	«Табиғат-тіршілік көзі» облыстық экологиялық олимпиадасы	Саяхат Қырмызы	10	1 орын	Маженова А.А
12	Республикалық «Біртұтас тәрбие бағдарлаамсы» негізінде ұйымдастырылған «Өнегелі өмір» эссе байқауы	Қосай Мерей	8	Алғыс хат	Ахат А.
13	«BRAIN BATTLE» роботтарды құрастыру және бағдарламалау бойынша облыстық сайысы	Сәду Мейрам Махмет Алаш	9	3	Шарипов А.Б
14	Робототехникадан Robotek Grand Tournament 2024 чемпионатының облыстық іріктеу кезеңі	Құсетов Саян Лашынтай Фархат	9	1	Шарипов А.Б
15		Құмарбек Еркебұлан Дулат Әділхан	9	2	
16		Сәду Мейрам Махмет Алаш	9	3	
17	«Менің Отаным – менің бастамам» облыстық	Қадыржан Балым	8	1	Асан А.Е
18		Қайрекеш Наргиз	10	1	Кайржанова М.Н
19		Базаркүл Мадияна	8	2	Әдей Ж
20		Саркен Айғаным	9	2	Темірбек И.Т
21		Серикова Дильназ	8	2	Әдей Ж
22		Башарова Дариға	11	2	Әдей Ж
23		Қабақбай Томирис	9	3	Кайржанова М.Н

3 жыл жетістіктері

Оқу жылдары	Облыстық	Республикалық	Абай желісі бойынша республикалық байқаулар
2021-2022	58	4	10
2022-2023	42	9	17
2023-2024	21	1	1
	121	14	28

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2-қосымшасы) 2-тарау 9-тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3-қосымшасы) 2-тарау 16-тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4-қосымша) 2-тарау 17-тармағына сәйкес келеді.

5.Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі)

Бағаланатын кезең үшін талдауға арналған құжаттар: бағаланатын кезең үшін әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспары

Талдау нәтижесі: осы өлшем бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыруда оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейін білім беру ұйымы жалпы орта білім беру бағдарламасы арқылы жүзеге асырады.

2021-2022 оқу жылында 10А-сынып оқушылары «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылған, «Химия», «Биология» пәндері инварианттағы мамандандырылған компонент есебінен тереңдетіліп оқытылған. 10Б, 10В-сынып оқушылары жаратылыстану-математика бағытында оқытылған, «Химия», «Биология», «Физика», «Информатика» пәндері инварианттағы мамандандырылған компонент есебінен тереңдетіліп оқытылған. 11А, 11Б-сынып оқушылары жаратылыстану-математика бағытында оқытылған, «Химия», «География», «Биология» пәндері инварианттағы мамандандырылған компонент есебінен тереңдетіліп оқытылған.

2022-2023 оқу жылында 10А-сынып оқушылары «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде, «Қазақстан тарихы», «Шетел тілі» пәндері инварианттағы мамандандырылған компонент есебінен тереңдетіліп оқытылған. 10Б, 10В -сынып оқушылары жаратылыстану-математика бағытында оқытылған, «Химия», «Биология», «Физика», «Информатика» пәндері инварианттағы мамандандырылған компонент есебінен тереңдетіліп оқытылған. 11А-сынып оқушылары «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылған, «Биология», «Химия» пәндері инварианттағы мамандандырылған компонент есебінен тереңдетіліп оқытылған. 11Б, 11В -сынып оқушылары жаратылыстану-математика бағытында оқытылған, «Химия», «География», «Биология» пәндері инварианттағы мамандандырылған компонент есебінен тереңдетіліп оқытылған.

2023-2024 оқу жылында 10А-сынып оқушылары «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылған, «Қазақстан тарихы», «Шетел тілі» пәндері инварианттағы мамандандырылған компонент есебінен тереңдетіліп оқытылған. 10Б, 10В -сынып оқушылары жаратылыстану-математика бағытында оқытылған, «Химия», «Биология», «Алгебра», «Информатика» пәндері инварианттағы мамандандырылған компонент есебінен тереңдетіліп оқытылған. 11А-сынып оқушылары «Абай мектептері» білім беру ұйымдарының желісінде оқытылған, «Биология», «Информатика», пәндері инварианттағы мамандандырылған компонент есебінен тереңдетіліп оқытылған. 11Б, 11В -сынып оқушылары жаратылыстану-математика бағытында оқытылған, «Химия», «География», «Биология» пәндері инварианттағы мамандандырылған компонент есебінен тереңдетіліп оқытылған.

Осылайша, білім беру ұйымы 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 о.ж. білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыруда оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейін жалпы орта білім беру бағдарламасы арқылы жүзеге асырады.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4-қосымша) 2-тарау 14, 39 тармағына сәйкес келеді.

6. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру

Бағаланатын кезең үшін талдауға арналған құжаттар: бағаланатын кезең үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін әзірленген және бекітілген жеке оқу жоспарлары және/немесе бағдарламалар (бар болса).

Талдау нәтижесі: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында білім беру ұйымдарында ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар білім алушылардың жоқтығы анықталды.

Қорытынды: Талдау нысанына жатпайды.

7.ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру.

Бағаланатын кезең үшін талдауға арналған құжаттар: бағаланатын кезең үшін вариативті компоненттің әзірленген және бекітілген сабақ кестесі.

Талдау нәтижесі: Осы өлшем бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған күнтізбелік-тақырыптық жұмыс жоспарлары, сыныптан тыс сабақ кестесі мен Kundelik.kz электронды журналы зерделенді.

2021-2022 оқу жылында барлығы 12 сынып-комплекті оқытылған. Оның ішінде 7-9- сыныптар –7 комплект; 10-11- сыныптар - 5 комплект. Бағаланатын кезең үшін талдауға арналған құжаттар вариативтік компоненттен әзірленген және бекітілген сабақ кестесі бойынша зерделенді.

2021-2022 оқу жылының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021ж. 20 тамыздағы № 415- бұйрығымен бекітілген қазақ және орыс тілдерінде оқытатын оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу жоспарлары (жаңартылған мазмұн) негізінде құрастырылған.

2021-2022 оқу жылдары 7-9 сыныптардың оқу жоспарына вариативтік компонент есебінен оқушылардың шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында және дарынды балалармен жеке және топтық жұмыстарды жүзеге асыру үшін «Эмоционалды

интеллект және сыни ойлау», «Алгебра», «Биология», «Физика», «Химия», «Шешендік сөз өнері», «Grammar structures and their usage», «Грамматический практикум по русскому языку», «Тірі ағзалар әлемі», «Увлекательная лексика и фразеология», «Абайтану», «Медиасауаттылық», «Принципы русской орфографии», «Language as a means of communication», «Practical English Usage», «Секреты стилистики», «Адам анатомиясы және физиологиясы», «Зайырлық және дінтану негіздері», «Орфографиялық және пунктуациялық сауаттылық», «Химия есептері әлемінде»; «Dfsic theories of the life organisms», «Travelling to English Speaking Counteries», «Логикалық есетер» элективтік курстары жоспарланған.

10-11-сыныптардың оқу жоспарына вариативтік компонент есебінен оқушылардың шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында және дарынды балалармен жеке және топтық жұмыстарды жүзеге асыру үшін «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика», «Журналистика негіздері», «Әлем әдебиеті», «Advance your English», «Тригономерия әлемі», «Химия есептері», «Физикалық пратикум», «General biology», «Эссе жазудың теориясы мен тәжірибесі», «Математикалық сауаттылық», «Қазақстан тарихының маңызды аспектілері», «Әлемдік География 7-11» элективті курстары жоспарланған.

Сабақтан тыс шығармашылық жұмыстары 4 сағат, жоғарғы оқу орындарымен жұмыс жоспарланған: 8 сыныптарда аптасына 4 сағат, 9А- сыныбында аптасына 5 сағат, 9Б,В сыныптарда аптасына 7 сағат, 10А- сыныбында аптасына 3 сағат, 10Б,В сыныптарда аптасына 9 сағат, 11А,Б сыныптарда аптасына 10 сағат.

2022-2023 оқу жылында барлығы 12 сынып-комплекті оқытылған. Оның ішінде 7-9 сыныптар–6 комплект; 10-11 сыныптар-6 комплект. Бағаланатын кезең үшін талдауға арналған құжаттар: бағаланатын кезең үшін вариативтік компоненттен әзірлеген және бекітілген сабақ кестесі бойынша зерделенді.

2022-2023 оқу жылының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021ж. 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген қазақ және орыс тілдерінде оқытатын оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу жоспарлары (жаңартылған мазмұн) негізінде құрастырылған. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бастауыш, негізгі-орта және жалпы орта білім беру үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы».

2022-2023 оқу жылдары 7-9 сыныптардың оқу жоспарына вариативтік компонент есебінен оқушылардың шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында және дарынды балалармен жеке және топтық жұмыстарды жүзеге асыру үшін «Жаһандық құзыреттілік», «Алгебра», «Биология», «Физика», «Химия», «Шешендік сөз өнері», «Phyton» тілінде программалау, «Тірі ағзалар әлемі», «Абайтану», «Принципы русской орфографии», «Language as a means of communication», «Phyton» бағдарламасында есептер шығару, «Қызықты астрономия», «Биология және медицина», «Қызықты астрономия» элективті курстары жоспарланған.

10-11 сыныптардың оқу жоспарына вариативті компонент есебінен оқушылардың шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында және дарынды балалармен жеке және топтық жұмыстарды жүзеге асыру үшін «Жаһандық құзыреттілік», «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика және астрономия», «Phyton» бағдарламасында есептер шығару, «Биология және медицина», «Әлем әдебиеті», «Шешендік сөз өнері», «Тригономерия әлемі», «Физикалық практикум», «Туризм географиясы, «Advance your English», «Абайтану», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Эссе жазудың теориясы мен тәжірибесі», «Математикалық сауаттылық», «Қазақстан тарихының маңызды аспектілері», «Химия есептері» элективтік курстары жоспарланған.

Сабақтан тыс шығармашылық жұмыстары 4 сағат, жоғарғы оқу орындарымен жұмыс жоспарланған: 8 сыныптарда аптасына 4 сағат, 9А- сыныбында аптасына 5 сағат, 9Б -сыныптарда аптасына 6 сағат, 10А,Б,В -сыныптарда аптасына 3 сағат, 11А- сыныбында аптасына 4 сағат, 11Б,В -сыныптарда аптасына 4,5 сағат.

2023-2024 оқу жылында барлығы 12 сынып-комплекті оқытылған. Оның ішінде 7-9- сыныптар–7 комплект; 10-11 -сыныптар-5 комплект. Бағаланатын кезең үшін талдауға

арналған құжаттар: бағаланатын кезең үшін вариативтік компоненттен әзірлеген және бекітілген сабақ кестесі бойынша зерделенді.

2023-2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021ж. 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген қазақ және орыс тілдерінде оқытатын оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу жоспарлары (жаңартылған мазмұн) негізінде құрастырылған.

2023-2024 оқу жылдары 7-9 сыныптардың оқу жоспарына вариативтік компонент есебінен оқушылардың шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында және дарынды балалармен жеке және топтық жұмыстарды жүзеге асыру үшін «Жаһандық құзыреттілік», «Алгебра», «Биология», «Информатика», «Lerning basic physics (физика)», «Introduction to Chemistry (химия)», «Информатика», «Шешендік сөз өнері», «Introduction to Computer Science (Информатика)», «Phyton» бағдарламасында есептер шығару, «Абайтану», «English as a world Language (ағылшын тілі)», «Экологиялық этика» (биология), «Картография және топография негіздері» элективтік курстары жоспарланған.

10-11-сыныптардың оқу жоспарына вариативтік компонент есебінен оқушылардың шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында және дарынды балалармен жеке және топтық жұмыстарды жүзеге асыру үшін «Жаһандық құзыреттілік», «Алгебра және анализ бастамалары», «Анатомия және медицина», «Эссе жазудың теориясы мен тәжірибесі», «Phyton» бағдарламасында есептер шығару, «Математикалық сауаттылық», «Қазақстан тарихының маңызды аспектілері», «Жалпы биология», «Туризм географиясы», «Advance your English», «Абайтану», «Молекулярлық биология және биохимия» элективтік курстары жоспарланған.

Сабақтан тыс шығармашылық жұмыстары 4 сағат, жоғарғы оқу орындарымен жұмыс жоспарланған: 8А-сыныбында аптасына 4 сағат, 8Б -сыныбында аптасына 5 сағат, 9Б- сыныбында аптасына 5 сағат, 10А,Б- сыныптарда аптасына 5 сағат, 11А,Б,В- сыныбында аптасына 5 сағат.

Осылайша, 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша үйірме және вариативтік сабақтарының жүзеге асырылғаны күнтізбелік-тақырыптық жұмыс жоспарлары мен кестесі Kundelik.kz электронды журналдары арқылы анықталды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2-қосымшасы) 3-тарау 29 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3-қосымшасы) 3-тарау 41 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4-қосымша) 3-тарау 31 тармағына сәйкес келеді.

8. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы игеру;

Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "Кунделик" АЖ-дан түсіру).

Талдау нәтижесі: 10-11-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында өткізілген. 10 А- сыныбында 12 сағат, 10 Б – 12 сағат, 11 А- сыныбында 12 оқу жүктемесімен оқытылған. 11 Б – 12 сағат, 11 В – 12 сағат, 7-9 -сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» «Дене шынықтыру» пәні аясында 15 сағаттан оқытылған

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2-қосымшасы) 2-тарау 25 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3-қосымшасы) 2-тарау 41 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4-қосымша) 4-тарау 50 тармағына сәйкес келеді.

9.«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру

Талдауға арналған құжаттар бағаланатын кезең: оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "Кунделик" АЖ-дан жүктеу).

Талдау нәтижесі: «Жол жүру ережелері» кіріктірілген оқу бағдарламасы сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта жүргізіледі де, тақырыбы мен мерзімі сынып журналының жеке бетіне жазылады, 7-8-сыныптарда әр сыныпта 10 сағаттан өткізілген. 7 А – 10 сағат, 7 Б- 10 сағат, 8 А – 10 сағат, 8 Б- 10 сағат, 9 А- 10 сағат, 9 Б – 10 сағатты құрайды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2-қосымшасы) 2-тарау 26 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3-қосымшасы) 2-тарау 38 тармағына сәйкес келеді.

10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде №30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау

Білім беру ұйымы бекіткен және білім беру басқармасы органымен келісілген әдістемелік ұсынымдарға 9,10, 11, 12-қосымшалар түгендеу тізімдемесі, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе ғимараттарға сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжат немесе ғимаратқа жалдау шарты, Денсаулық сақтау ұйымдарымен медициналық қызмет көрсетуге шарт (шағын жинақты мектептер үшін), Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды Санитариялық қағидаларға сәйкес тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт, өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы акт/хат, бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт.

1) Тіуісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өтумен кәсіптік білімі бар оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес педагогтердің болуы.

Талдау нәтижесі: осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттар зерделеніп, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылына арналған педагогтермен жасақталу құрамы қарастырылды. Ұсынылған өзін-өзі бағалау парағы мен педагогикалық сапалық кестесі бойынша мектеп-интернатта 2021-2022 оқу жылы 27 педагог маманы болғаны анықталды. Оның ішінде жоғары білімді педагог саны - 27, орта арнаулы білімді педагог жоқ. 2022-2023 оқу жылында 31 педагог маманы болған, оның барлығы жоғары білімді педагог. 2023-2024 оқу жылында 26 педагог маманы қызмет еткен. Оның ішінде жоғары білімді педагог саны - 25, орта арнаулы білімді педагог саны – 1, магистрлер саны – 8. Жоғары білімі бар педагогтердің үлесі 96 %-ды, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар педагогтердің үлесі 28%-ды құрайды.

Оқу жоспарындағы пәндер бойынша негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі педагогтердің сапалық құрамы төмендегідей:

Білімі	Педагогтер саны	Еңбек өтілі					
		0-3	4-10	11-16	17-20	21-25	25-тен жоғары
2021-2022 оқу жылы							
27	27	10	7	2	2	1	5
магистрлер	5	1	2	1	0	1	0
2022-2023 оқу жылы							
31	31	10	10	2	1	3	5
магистрлер	7	0	3	1	1	2	0
2023-2024 оқу жылы							
магистрлер	8	1	2	1	0	1	3
білімі жоғары	29	5	6	5	3	2	8
орта арнаулы	2	1	1				

Педагогикалық құрамның базалық білімі толыққанды біліктілік талаптарға сәйкес келеді. Біліктілік санаты бойынша, 2021-2022 оқу жылы

Мұғалім саны	Жоғары	I	II	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	Санаты жоқ
29	1	1	0	2	2	12	1	10
	3%	3%		7%	7%	42%	3%	34%

2022-2023 оқу жылы

Мұғалім саны	Жоғары	I	II	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог	Санаты жоқ
28	0	0	0	2	1	13	4	8
	-	-	-	7%	3%	46%	-	28%

2023-2024 оқу жылы

Мұғалім саны	Жоғары	I	II	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	Санаты жоқ
25	0	0	0	2	1	13	0	8
	-	-	-	7%	3%	46%	-	28%

2) Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар педагогтердің болуы. Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі шағын комплектілі мектептер үшін кемінде 20 %; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 25 %; гимназиялар үшін кемінде 30 %.

Талдау нәтижесі: осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттар зерделенді. Аталған мектеп-интернатта бастауыш сыныптар жоқ, оқыту қазақ тілінде 7-сыныптан бастап жүргізіледі.

3) Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және

бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі шағын комплектілі мектептер үшін кемінде 25 %; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін емінде 35 %; лицей үшін 40 %-дан кем емес, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30 %-дан кем емес; гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы.

Талдау нәтижесі: Осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттар зерделенді. 2021-2022 оқу жылы-27 мұғалім (сапалық үлесі-53,8%), 2022-2023 оқу жылында-31 мұғалім (сапалық үлесі-47%).

2023-2024 оқу жылы 7-9-сыныптарда - 26 педагог (сапалық үлесі – 46,2%) қызмет еткен. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы қарастырылды.

Оқу жылы	7-9- сыныптар						
	Барлық мұғалімдер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	Санаты жоқ	I, II категория
2023-2024	26	12	-	2	3	9	-

Осы оқу жылында жаратылыстану, қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша 7-9-сыныптарда сабақ беретін педагогтердің сапалық үлесін келесі кестеде көрсетілген.

Жаратылыстану бағыты - 10 мұғалім	Қоғамдық-гуманитарлық бағыт – 10 мұғалім
«Педагог» – 4 «Педагог-модератор» – 1 Педагог – зерттеуші - 5 (50%)	Санатсыз – 2 «Педагог» – 3 Педагог – зерттеуші - 5 (50%)

4) Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өтумен кәсіптік білімі бар оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес педагогтердің болуы. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі шағын комплектілі мектептер үшін кемінде 25 %; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 35 %; лицей үшін 40 %-дан кем емес, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30 %-дан кем емес; гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %;

Талдау нәтижесі: осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттар зерделенді. 2021-2022 оқу жылы-27 мұғалім (сапалық үлесі-53,8%), 2022-2023 оқу жылында-31 мұғалім (сапалық үлесі-47%).

2023-2024 оқу жылы 10-11-сыныптарда 21 педагог қызмет етті (сапалық көрсеткіші - 47,6%). Жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы төмендегідей

Оқу жылы	10-11- сыныптар						
	Барлық мұғалім	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	Санаты жоқ	I, II категория
2023-2024	21	10	-	2	4	5	-

5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы" 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 44 бұйрық) бекітілген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы" 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) (бұдан әрі – 216 бұйрық) бекітілген оқулықтарға сәйкес оқу және көркем әдебиет кітапханалық қорының болуы.

Талдау нәтижесі: осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттар зерделенді. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған құжаттамалар зерделене отыра, білім беру ұйымының кітапханасы мен кітапхана қоры туралы мәліметтері қаралды. Кітапхананың аумағы – 36 ш.м., Кітапхана қоймасы - 30,6 ш.м., оқу залы 10 адамға есептелген. Оқырмандарға арналған компьютер саны – 4; Персоналды компьютер – 1; Принтер – 1.

Кітапхана меңгерушісі А.Жунусбекова, білімі - жоғары, атқаратын лауазымы бойынша жалпы өтілі - 36 жыл. Кітапханашы Т.Ашимғалиева, білімі жоғары, атқарған лауазымы бойынша өтілі - 12 жыл.

Кітапхана қорының қозғалысы мен оқырмандардың құрамын, санын, кітап беру және библиографиялық жұмыстың мөлшерін айқындауға мүмкіндік береді.

№/жыл	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Кітап қоры	52755	51132	46543
Кітап беру	3272	3442	3168
Келушілер саны	1454	1495	1523
Оқырмандар	226	273	257
Қосылған кітап саны	538	917	203

Кітапхана жұмыс жоспарына сәйкес көпшілік іс-шаралар ұйымдастырады. Оқырмандардың қызығушылығын арттыру мақсатында атаулы даталарға сәйкес ақпараттық және кітапханалық-библиографиялық қызметтер көрсетеді. Оқушылардың түрлі деңгейлердегі байқауларға қатысуы мен педагогтердің пән апталықтарына белсенді араласуына атсалысады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқырмандар өздері оқыған сүйікті кітаптарын жарнамалап, басқа да оқушылардың кітап оқуға деген ынталарын арттырады.

б) Ғимараттардың (оқу корпустарының) жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің "Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 141 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15131 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 141 бұйрық) сәйкес медициналық қызметке лицензияның немесе балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарттың болуы

Талдау нәтижесі: осы критерий бойынша талдауға мектептің өзін-өзі бағалау материалында көрсетілген мәліметтері алынды.

Медициналық кабинеттің 2009 жылғы 12 ақпанда Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасы берген ЛП №00382ДС мемлекеттік лицензиясы бар.

Медициналық көмекті педиатр-дәрігер мен медбике көрсетеді. Медициналық кабинет 2 бөлмеден тұрады: емшара бөлмесі, қабылдау кабинеті. Дәрігердің қабылдау бөлмесінде шкаф - 2, үстел - 2, орындық - 2 және кушетка -1, персоналды компьютер - 1, сейф - 1, таразы, бой өлшейтін құрал, көздің көру тексеру құралы, қол жуатын раковина, қол кептіргіш құралы орналасқан.

Емшара бөлмесінде 1 кушетка, 1 тоңазытқыш бар. Емшара бөлмесі дәрі-дәрмек сақтайтын шкаф, 1 тоңазытқыш және 1 кушетка, 1 үстел, 2 орындық, құрал- жабдықтарға арналған үстелмен жабдықталған .

Медицина кабинеті оқу жылына жеткілікті мөлшерде барлық қажетті дәрі- дәрмекпен қамтамасыз етілген. Медицина кабинетінде 2 кварцтық шаммен кварцтау жүзеге асырылады.

7) № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде білім алушыларға ғимараттарда (оқу корпустарында) арналған тамақтандыру объектісінің болуы:

Талдау нәтижесі: осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттар зерделенді. Оқу орнында оқушылардың дұрыс тамақтануына қалыпты жағдай жасалынған. Оқушылар 5 мезгіл тамақпен қамтамасыз етіледі.

Асхана 1965 жылы пайдалануға берілген, 1 қабатты, кірпіштен салынған, жертөлесі бар, асхана ғимаратының ауданы - 883,7 м²; Су және жылу орталықтандырылған, асхананың жобалық сыйымдылығы - 111 орын. Асханада келесі жабдықтар бар: өнеркәсіптік электр плитасы (6 оттық) - 1 дана, өнеркәсіптік электр плитасы (4 оттық) өнеркәсіптік электр плитасы (3 оттық) - 2 дана, картоп тазалағыш - 1 дана, көкөніс кескіш - 1 дана, мармит-1 дана, электр еттартқыш – 2 дана, электр нан кескіш – 1 дана, электр ара (сүйек кескіш) – 1 дана, үш секциялы электр пеші - 1 дана, электр қуырғыш таба - 1 дана, кеудеге арналған мұздатқыш - 2 дана, өндірістік тоңазытқыш - 1 дана, тоңазытқыш - 5 дана. Ыстық сумен қамтамасыз ету үшін 4 дана су жылытқыштары орнатылған.

Мектептің қызмет етуіне берілген сараптамалық ұйғарым ішінде тамақтандыру объектісінің санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды 2010 жылғы 10 тамызда №779 берілген.

8) Мемлекеттік не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе № ҚР ДСМ-76-бұйрыққа сәйкес бекітілген санитариялық ережелерге және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің "Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрықпен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 55 бұйрық) бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу.

Талдау нәтижесі: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы ТЖ тарапынан болған тексерістердің ұйғарымдары мен актілері және мектеп басшыларының жауаптары көрсетілген.

Ақмола облысы Төтенше жағдай комитетінің 15.03.2024 жылдың № 33 ұйғарымында көрсетілген бұзушылықтардың жойылуы туралы хат жазылып, 2024 жылдың 3 сәуір күні мектеп-интернаты директоры А.Н.Құрмашеваның қолы қойылған №119 шығыс құжатымен жауап қайтарылды. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды 2010 жылғы 10 тамызда №779 берілген.

Оқушылар мен қызметкерлерді эвакуациялауға дайындық оқу жылының бірінші және екінші жартыжылдығында жүргізіледі. Әр жарты жылда өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар өткізіледі. Өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар бар. Әр қабаттағы барлық ғимараттарда эвакуациялау жоспарлары мен өрт кезіндегі іс-қимыл нұсқаулығы бар. 92 өрт сөндіргіш бар. Барлық мектеп-интернат ғимараттары автоматты өрт дабылы – АПС-пен жабдықталған, ғимараттардың әр қабатында эвакуация жоспарлары бар.

9) " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 70 бұйрық) бекітілген нормаларына сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, Интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы;

- № 348 бұйрыққа және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – 385 бұйрық) бекітілген Туісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес оқу кабинеттерімен, спорт залдарымен жабдықталуы;

- edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы;

- № 70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың болуы;

- № 385 бұйрықпен бекітілген жеке пайдалану үшін жабдықталған шкафтардың болуы;

- № ҚР ДСМ-76-бұйрықпен бекітілген ауыз су бұрқақтарының болуы;

Талдау нәтижесі: Мектеп-интернат аумағында мынадай ғимараттар бар: оқу корпусы, жатақхана ғимараты, асхана, гараж. Оқу ғимараты 1965 жылы пайдалануға берілген. 3 қабатты кірпіштен салынған, жертөлесі бар, оқу ғимаратының ауданы- 4474м2; 1- қабат -1149,4м2; 2- қабат 1161,0 м2; 3 - қабат 909,7 м2. Ғимараттың құрылыс көлемі - 15104 м3. Жылу және сумен қамтамасыз ету орталықтандырылған. Оқу ғимаратының жобалық сыйымдылығы 277 орынды құрайды.

Сабактар бір ауысымда өтеді. Барлығы 41 оқу кабинеті бар, оның ішінде 21 оқу кабинеті (жалпы ауданы 933 м2), 2 технология кабинеті (жалпы ауданы 112 м2), мәжіліс залы, спорт залы, психолог кабинеті, кітапхана (10 орын), медициналық кабинет, сонымен қатар биология, физика, химия зертхана кабинеттері бар. Мектеп-интернаттың спорт залы қажетті құрал-жабдықтармен, спорттық инвентарьмен жабдықталған.

Оқу кабинеттері мен бөлмелер туралы қысқаша мәлімет

1 қабат- 16 кабинет	2 қабат- 14 кабинет	3 қабат- 12 кабинет
тамбур-9,2м2 вестибюль-175,8м2 дәліз-177м2 гардероб-54,3м2 буфет-47м2	дәліз-209,3м2 бухгалтерлік есеп-47,6м2 оқу ісі жөніндегі орынбасарының кабинеті-14,7м2 конференц-залы-64,9м2 санитарлық бөлмелер-32,5м2	дәліз-161,5м2 психолог кабинеті-36,5м2 мұрағат-10,9м2 мәжіліс залы-170,9м2 санитарлық бөлмелер-33,2м2

Жылу және сумен қамтамасыз ету орталықтандырылған. Ғимаратта жылу бірлігі, қоймалар мен кір жуатын орын бар: жылу бірлігі - 60,7м.2., қойма - 36,8м2., кір жуатын бөлме - 130,5м2. құрайды. Кір жуатын бөлме автоматты кір жуғыш машиналармен (4 дана), су жылытқышпен (1 дана) жабдықталған. Кір жуатын бөлмеде лас төсек-орындарды қабылдауға, таза төсек жабындарын беруге, төсек-орын жабдығын кесуге, кептіруге, үтіктеуге арналған бөлмелер бар.

Гараж 1965 жылы пайдалануға берілген 1 қабатты, кірпіштен жасалған, жертөле бөлмесі жоқ. Гараж құрылысының ауданы - 443,2 м2;

3 қабатты кірпіштен салынған жатақхана ғимараты 1965 жылы пайдалануға берілген. Жертөлесі бар, жатақхана ғимаратының ауданы -2879,1 м2; Жатақхана ғимаратының жобалық сыйымдылығы 133 орынды құрайды. Жатақхана ғимаратында мәжіліс залы, шахмат ойнауға арналған бөлме, теннис ойнауға және күресуге арналған бөлме бар. Оқшаулағыш палатада екі бөлек бөлме және санитарлық бөлме бар. Ыстық сумен қамтамасыз ету үшін душ пен жуынатын бөлмелерде көлемі (барлығы 6 дана) су жылытқыштары орнатылған. Жатақхана ғимаратының жалпы тұрғын ауданы 720,6 м2. (қыздарға арналған бөлмелер – 372,1 м2, ұлдарға арналған бөлмелер – 348,5 м2). Әр қабаттағы залдарда және демалыс бөлмесінде теледидарлар бар (барлығы 6 дана).

Информатика кабинетінде қолданыста 16 дербес компьютер, 1 ноутбук және 22 нетбук бар. IT кабинетте 12 дербес компьютер бар. Робототехника үйірмесінде 8 ноутбук, 17 лега майндстормс, 10 ардуино жинақтары және бір 3D принтер бар. Робототехника кабинетінде робототехника үстелі және жарыс ареналар бар. Барлық компьютерлер интернетке қосылған. Интернет желісінің жылдамдығы –40 мБит/с., сипаты – талшықты-оптикалық, кең шолақты интернет.

Мектеп-интернатта балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 74 бейнебақылау камералары орнатылған, оның ішінде 19 сыртқы және 55 ішкі. Оқу ғимаратында 8 сыртқы бейнебақылау камералары, 22 ішкі бейнебақылау камералары (1-қабат – 11 дана, 2-ші қабат – 7 дана, 3-қабат – 4 дана). Жатақхана ғимаратында 6 сыртқы бейнекамера, 27 ішкі бейнекамера (1-қабат – 5 дана, 2-қабатта – 11 дана, 3-қабатта - 11 дана), асханада 5 сыртқы бейнебақылау камерасы, 6 ішкі бейнебақылау орнатылған (қазіргі таңда күрделі жөндеу жұмыстары

жүргізіліп жатыр). Барлық бейнебақылау камералары іске қосылып, уақытылы техникалық байқаудан өтіп, барлық камералар жедел басқару орталығына (ЦОУ) қосылған.

Мектепте терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету мақсатында қатер төнген жағдайда оқушылардың, оқытушылардың және басқа да қызметкерлердің іс-қимылының бірыңғай алгоритмі әзірленген. Сондай-ақ, түйме ЦОУ-ға қосылған, Объектіні күзет ұйымы (екі бекет) күзетеді, Әрбір бекетте рация, металл детекторы бар. Өткізу режимін ұйымдастыру және білім беру мекемесіне рұқсатсыз кіруді болдырмау мақсатында кіруді бақылау жүйесі (турникет) орнатылған.

Ауыз су режимінің ұйымдастырылуы талапқа сай, № ҚР ДСМ-76-бұйрықпен бекітілген ауыз су бұрқақтары бар. Оқу корпусында, жатақхана ғимаратында және асханада негізгі дөрекі сүзгілер орнатылған. Оқу және жатақхана ғимараттарына ауыз су бұрқақтары қойылған (әр қабатта 1 данадан).

Мектеп-интернаты 18.06.2024 ж. мемлекеттік сатып алу порталында №12600793-1 домендік атауды ұсыну және пайдалану мерзімін ұзарту бойынша баға ұсыныстарына сұрау салу (способом запроса ценовых предложений) арқылы хабарланған.

Ұсыныс: Домен edu.kz. атауының жаңа оқу жылында толыққанды іске қосылуын қамтамасыз ету.

10) Қазақстан Республикасының "Педагог мәртебесі туралы" заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес тиісті бейіні бойынша үш жыл ішінде кемінде 72 сағат көлемінде педагогтердің және білім беру ұйымдарының басшы кадрларының біліктілігін арттыруды кемінде үш жылда бір рет қамтамасыз ету:

Талдау нәтижесі: Аталған мектеп-интернатта 2021-2022 оқу жылы 27 мұғалім, 2022-2023 оқу жылы 31 мұғалім жұмыс істеді. Барлық педагогтер лауазымына сай біліктілік арттыру курстарынан өткен, сертификаттары ұсынылған.

2023-2024 оқу жылында 26 мұғалім жұмыс істеді. 26 мұғалімнің лауазымына сай дипломы бар екені расталды. Жалпы курстан өткен мұғалімдер саны—25, мектептің педагог-ұйымдастырушысы А.Асан 2024 жылдың наурыз айында жұмысқа қабылғандықтан, біліктілік курсы өтпеген.

Штаттық кестеге сәйкес мектеп әкімшілігінде директор саны—1, директордың оқу жөніндегі орынбасары—1, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары—1, директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасарлары — 2.

Мектеп-интернат директоры А.Курмашева 2023 жылы 80 академиялық сағат көлемінде «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында, А.Мукашева 2022 жылы 80 академиялық сағат көлемінде «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» пердагогикалық шеберлік орталығында, М.Кайржанова 2023 жылы 72 академиялық сағат көлемінде «Білім» қайта даярлау және біліктілік арттыру институтында курстан өткен. Директордың бейіндік жұмысы жөніндегі орынбасарлары Б.Торсунова және Г.Караманова негізгі пәндері бойынша ғана курстардан өткен.

11) № 570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы және нақты деректердің ҰБДБ-на сәйкестігі;

Талдау нәтижесі: осы критерий бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеуде, білім беру ұйымының контингент туралы өзекті деректер базасы, ақпараттық жүйесінің болуы және нақты деректердің ҰБДБ-мен сәйкестігі зерделенді. Білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі талаптарға сай жүзеге асырылған. ҰБДБ базасы бойынша: Тіркеу мәліметтері, білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер, қосымша мәліметтер, қызметкерлер, материалдық-техникалық қор, білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер, төл құжатты толтыратын жауапты адам, контингент.

Осылайша, білім беру ұйымы ұсынған ақпараттар № 570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті деректер базасы, білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі мен нақты деректердің ҰБДБ-мен сәйкестігі анықталды.

12) № 6 бұйрықпен бекітілген ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар жасау (пантус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу):

Талдау нәтижесі: Мектеп-интернатында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар жоқ, бірақ ерекше қажеттілігі бар тұлғалар ғимаратқа келген жағдайда ыңғайлы болу үшін тактильді плиткалар мен жолақтар, қолжетімділік белгісі, мнемоникалық диаграмма орнатылған, кіре берісте шақыру түймесі орнатылған. Тұтқалармен, балдақ ілмектерімен, шақыру түймелерімен жабдықталған санитарлық бөлме бар.

Осылайша, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін барлық жағдай жасалғанын байқауға болады.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 2-тарау 27 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) тарау 39 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 2 тарау 29 тармағына сәйкес келеді.

